

ISSN 1563-0285
Индекс 75873; 25873

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

КазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия международные отношения и международное право

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

KazNU BULLETIN

International relations and international law series

№2 (74)

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

<i>Беков К.Б., Карманов А.</i>	
Информационная безопасность Казахстана в условиях влияния Российских СМИ	240
<i>Чукубаев Е.С., Сейфуллина К.Р.</i>	
Военно-оборонное направление сотрудничества России и Индии	248
<i>Buzsheyeva B.Z., Ziyadanova A.S.</i>	
Asia-Pacific Stability: China – Japan relations	254
<i>Болатхан М., Ергали А.М.</i>	
Понятие, основные принципы и сущность энергетической безопасности как фактора устойчивого развития Республики Казахстан	260
<i>Buzurtanova M.M.</i>	
International Relations Theory and Human Rights	266

6-бөлім Раздел 6
Әлемдік экономика мәселелері Вопросы мировой экономики

<i>Медуханова Л.А., Жұмагельдинова М.М.</i>	
Криптовалюты: настоящее и будущее в мировой валютно-финансовой системе	272
<i>Ондаи Е., Ондаи А.О.</i>	
Роль природного богатства в развитии экономики	280
<i>Dabyltaeva N.E., Akhanova Zh.S.</i>	
Basics of innovative professional training in the field of foreign trade activities and world economic relations	288
<i>Сарсебекова С.Б., Махмединова Л.Н.</i>	
Теоретические модели исламского банковского дела	294
<i>Багаева Н.У., Имангалиева С.</i>	
Еуразиялық экономикалық одактары Қазақстаниң орны мен рөлі	298
<i>Түркесова К.А., Бабихан А.</i>	
Жібек жолының экономикалық беллеу құрылышында Қытай мен Қазақстанның ынтымактастық алғышарттары	304

7-бөлім Раздел 7
Ұлттық экономиканың дамуы Развитие национальной экономики

<i>Елемесов Р.Е., Оспанбаев Ж.А.</i>	
Экономикадагы құрылымдық өзгерістердің бірката себептері (Қазақстан экономикасының мысалында).....	312
<i>Жакупова С.Т.</i>	
Различия в механизмах развития в постиндустриальном и индустриальном обществах	318
<i>Махмединова Л.Н., Айдарбек А.А.</i>	
Теоретический анализ инвестиций и инвестирования.....	324
<i>Ондаи А.О.</i>	
Оценка роли природных ресурсов в развитии национальной экономики	332
<i>Санибек Ж., Медуханова Л.А.</i>	
Қазақстандағы халықаралық франчайзингтің дамуының негізгі кезеңдері мен қазіргі мәселелері	340

8-бөлім Раздел 8
Әдістеме және оқыту тәжіриbesi Методика и опыт преподавания

<i>Pulimanti B.</i>	
Different cultures in the experiences of teaching and education: reflecting over the method	348
<i>Murtaza A.</i>	
Foreign Languages and Higher Education: New Structures for a Changed World.....	354
<i>Kildyushova I.V., Makisheva M.K.</i>	
Development of Listening Skills in Teaching a Foreign Language	360

Елемесов Р.Е., Оспанбаев Ж.А.
Экономикадағы құрылымдық өзгерістердің бірқатар себептері (Қазақстан экономикасының мысалында)

Қоғам дамуының постиндустриалдық кезеңге өтуі ұлттық экономиканың құрылымын түбегейлі өзгертуді қажет етеді. Мұнда, ең алдымен ұлттық экономика құрылымындағы өндөуші өнеркәсіп пен қызмет көрсету секторларының үлесін арттыру мен оны ұдайы колдауға баса назар аударылуы тиіс. Экономикадағы құрылымдық өзгерістерді жүзеге асыруға себеп болатын бірқатар тарихи, саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және институционалдық алғышарттар бар. Макалада осы себептердің бірқатары талданған, атап айтқанда менишік құқығының өзгерістері, халықаралық, енбек бөлінісінің экономика құрылымына әсері, әлемдік экономикадағы өзгерістер, әр түрлі дағдарыстар және т.б. Сонымен бірге, осы себептерге байланысты Қазақстан экономикасындағы құрылымдық өзгерістердің қажеттілігі дәйектелген.

Түйін сөздер: құрылымдық өзгерістер, инновациялық даму, экономикалық өсу, постиндустриалдық даму.

Elemesov R.E., Ospanbayev Zh.A.

Some causes of structural changes in the economy (the case of economy of Kazakhstan)

The transition of society development in the post-industrial phase requires a fundamental change in the structure of the national economy. Here, especially should pay attention to the increase in the share of downstream of industry and services in the structure of national economy, as well as ongoing support them. There are some historical, political, legal, socio-economic and institutional preconditions, which act as reasons for the implementation of structural changes in the economy. This article analyzes some of these causes, including change of ownership, the influence of the international division of labour on the structure of the economy, changes in the global economy, crisis, etc. Indue to these causes need rationale of structural change in the economy of Kazakhstan.

Key words: structural changes, innovative development, economic growth, post-industrial development.

Елемесов Р.Е., Оспанбаев Ж.А.

Некоторые причины структурных изменений в экономике (на примере экономики Казахстана)

Переход развития общества на постиндустриальный этап требует кардинального изменения структуры национальной экономики. Здесь, прежде всего должны обратить внимание на увеличение доли секторов перерабатывающей промышленности и услуг в структуре национальной экономики, а также постоянной поддержке их. Существуют некоторые исторические, политico-правовые, социально-экономические и институциональные предпосылки, которые выступают в качестве причин реализации структурных изменений в экономике. В статье анализируются некоторые из этих причин, в том числе изменения прав собственности, влияние международного разделения труда на структуру экономики, изменения в мировой экономике, кризисы и т.д. В связи с этими причинами аргументируется необходимость структурных изменений в экономике Казахстана.

Ключевые слова: структурные изменения, инновационное развитие, экономический рост, постиндустриальное развитие.

**ЭКОНОМИКАДАҒЫ
ҚҰРЫЛЫМДЫҚ
ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ
БІРҚАТАР СЕБЕПТЕРІ
(Қазақстан
экономикасының
мысалында)**

Kіріспе

Экономиканың құрылымы көпқырлы және көпасспектілі түсінік. Кең мағынасында құрылым түсінігі белгілі бір экономикалық тұтастық қалыптасатын элементтер мен бөліктердің, қатынастардың жиынтығын білдіреді.

Тар мағынасында экономиканың құрылымы жиынтық қоғамдық өнімнің ұдайы өндірісінің шаруашылық элементтерінен тұратын жүйені білдіреді. Сонымен бірге, ол ең алдымен, жиынтық қоғамдық өнім мен ұлттық табысты, материалдық және еңбек шығындарын өндіру, бөлу, айырбас және тұтыну жүйесінде қандай да бір саланың алатын үлесіне сәйкес сандық көрсеткіштермен сипатталады.

Қазақстан Президентінің 2010 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында ел экономикасын жедел диверсификациялап, 2020 жылға қарай өндеуші өнеркәсіптің ЖІӨ-гі үлесін 13%-ға дейін арттыру ұлттық экономиканы дамытудың басым бағыттарының бірі ретінде атаптан болатын [1]. Қазіргі таңда өндеуші өнеркәсіптің ЖІӨ-гі үлесі 10%-ды құрап отыр [2]. Демек, ұлттық экономиканың құрылымын өзгертіп, ондағы өндеуші өнеркәсіп салаларының үлесін арттыру ел экономикасының әлемдік шикізат нарықтарындағы конъюнктураға тәуелділігін азайтывп қана қоймай, елдің халықаралық еңбек бөлінісіндегі позициясын айқындайтын бірден-бір фактор болуы тиіс.

Экономиканың құрылымы оны құраушылардың арасындағы иерархиялар мен пропорцияларға сәйкес біркелкісіздігімен сипатталады. Осы орайда, дамудың құрылымдық аспектісі тікелей сандық өсім арқылы немесе экономикадағы белгілі бір сапалық өзгерістер арқылы көрінеді.

Экономикадағы құрылымдық өзгерістер деп экономикалық жүйенің салыстырмалы элементтерінің арасындағы өзара байланыстардың өзгерісін айтамыз. Мұнда салыстырмалы элементтер ретінде экономикалық жүйенің бір бөлігіне жататын элементтер түсініледі. Салыстырмалы құрылымдық бөліктер салалық немесе секторлық құрылым, меншік құрылымы, ұдайы өндіріс құрылымы, еңбек ресурстары, инвестициялар, сыртқы сауда құрылымы және т.с.с. болуы мүмкін.

Өз кезегінде, экономикадағы құрылымдық өзгерістерге Л.А. Беркович келесідей анықтама береді: «құрылымдық өзгерістер – бұл барлық құрылым құраушы (структурообразующие) факторлардың әсерімен болатын экономикалық жүйе пропорцияларының өзгерісі» [3].

Осы анықтаманы негізге ала отырып, экономикадағы құрылымдық өзгерістер технологиялық дамудың, қоғамдық тұтынуға сәйкес өндіру, бөлу және айырбас меканизмдерінің, қолда бар ресурстар мен еңбек өнімділігінің кол жеткізілген деңгейінің әсерінен экономикалық жүйенің өзара байланысты пропорцияларының өзгөрісін көрсетеді деген тұжырым жасауға болады.

Экономикадағы құрылымдық өзгерістердің себептері

Экономикадағы құрылымдық өзгрістердің негізгі себептерінің бірі қоғамдық қажеттіліктер жүйесінің дамуы болып табылады. Кейір қажеттіліктердің жоғалып, енді бірінің пайда болуымен жүретін қажеттіліктер құрылымындағы өзгерістер тұтынуда, сәйкесінше өндіріс құрылымында өзгерістер қажеттілігін туындалады. Адамның қажеттіліктер жүйесі екі негізгі элементті біріктіреді: алғашқысы көптеген материалдық қажеттіліктерден тұрса, екіншісі материалдық емес, әлеуметтік-рухани қажеттіліктердің көрсетеді. Қоғам дамуының барысында материалдық қажеттіліктер бірте-бірте өзектілігін жоғалта бастайды. Постиндустриалдық қоғамға өту кезеңінде шығармашылық қызметке, білім беруге, интеллектуалды және мәдени дамуға және т.с.с. қажеттіліктер секілді материалдық емес, рухани қажеттіліктер анағұрлым елеулі мәнге ие болады. Адамдардың заманауи қажеттіліктері ақпараттық технологиялар, жаһандық желімен және коммуникациямен тығыз байланысты.

Ел экономикасының тұрақты дамуы оның салалық құрылымына тікелей тәуелді екендігі белгілі. Осы орайда, Қазакстан экономикасының қазіргі даму деңгейі У.Ростоу концепциясының үшінші, яғни өсу кезеңіне (стадия подъема) сәйкес келеді. У.Ростоудың пайымаудауынша, бұл кезенде ұлттық экономикада өсу қарқыны жоғары бір өнеркәсіп саласы, сондай-ақ осы саланың осуі мен дамуын қолдайтын саяси және қоғамдық орта болуы тиіс [4]. Қазақстанда мұндай өнеркәсіп саласы ретінде өндіруші өнеркәсіпті атауға болады. Атап айтқанда, мұнайгаз, тау-кен және ауыл шаруашылығы. Әрине, атапған шикізат өнімдеріне әлемдік нарықта

бағаның және әлеуетті импортер-елдердің экономикалық өсу қарқындарының жоғары жағдайында бұл салалардың дамуы қысқамерзімді кезеңде Қазақстан экономикасына оң ықпал еткенін жоққа шығара алмаймыз. Алайда, ұзақмерзімді перспективада, әлемдік нарықтағы бағаның құбылмалы жағдайында бұл фактордың оң нәтижелеріне қарағанда, теріс салдары басым екенін байқау киын емес. У.Ростоудың есептеуі бойынша атапған кезең салыстырмалы түрде қысқа уақыт, 20-30 жылға созылады. Егер тәуелсіз Қазақстанның алғашқы 10 жылын өтпелі кезең деп есептейтін болсақ (көптеген әдебиеттерде 2000-жылдардың өтпелі кезеңнің аяқталған уақыты деп көрсетеді. Авторлар), онда қазіргі әлемдік дағдарыс жағдайында экономикадағы құрылымдық өзгерістерді белсенді әрі нәтижелі жүзеге асыруға кіріс қажет. Осы орайда, неоклассикалық либерализм концепциясына сәйкес «Вашингтон консенсусының» экономикадағы құрылымдық өзгерістерге әкелуі тиіс бірқатар ұсыныстарын Қазақстан экономикасының қазіргі даму барысынан байқауға болады, атап айтқанда ұлттық валютаның еркін айырбас бағамы, сыртқы сауда либерализациясы, же кешелендіру, тікелей шетелдік инвестициялар үшін шектеулерді азайту.

Сонымен қатар, экономикадағы құрылымдық өзгерістер әлеуметтік институттарда, адамдардың мінезд-құлқы мен идеологиядағы құрылымдық өзгерістерден де байқалуы тиіс. Басқаша айтқанда, экономикадағы құрылымдық өзгерістер тұтас қоғамның жаңауры нәмесе модернизациясына әкелуі қажет. Өз кезегінде, Г.Мюрдалъ «Азиатская драма» еңбегінде атапмыйш модернизацияның келесідей қағидаларын атап кетеді [5]:

1. Рационализм. Адамның өмірі мен қоғамдық қызметтінің барлық саласында ойлаудың, өндіріс, бөлу мен тұтынудың дәстүрлі тәсілдерін жаңа әдістермен ауыстыруды білдіреді.

2. Жедел экономикалық дамуға бағдарланған экономикалық саясат.

3. Тенденциялық жағдайдағы құқықтық жағдайды қамтамасыз ету.

4. Қоғамдық институттар мен санадағы өзгерістер. Мұндағы өзгерістер еңбек өнімділігінің артуымен, бәсекелестік пен еркін кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыруымен, адам қабілеттерін жүзеге асыруға тәң мүмкіндіктер жасай алымен сипатталады. Институционалдық өзгерістер жер реформаларын, монополиямен күрес, білім беру мен денсаулық сақтау

саласын жетілдіру, мемлекеттік басқарудағы өзгерістерді білдіреді. Ал қоғамдық санадағы модернизация еңбексүйгіштік, тиімділік, адалдық, рационалдық, өнімділік секілді идеалдармен шарттасқан. Өз кезеңінде КР Президентінің «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы мен 5 институционалдық реформасының мазмұны мен арналымы да қазақстандық қоғамды қазіргі таңдағы құрылымдық және жүйелі өзгерістерге бейімдеуге бағытталған деген тұжырым жасауға толық негіз бар.

Экономикадағы құрылымдық өзгерістердің тағы бір себебі ғылыми-техникалық прогресс (FTП), ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстар, техника мен технологиядағы өзгерістер негізгі рөлді атқаратын өндіріс құрылымының дамуы болып табылады.

Ғылыми-техникалық прогресс қоғамның материалдық-техникалық базисін өзгерте отырып, экономика құрылымының өзгерісіне алғып келеді. Қоғамдық өндіріс құрылымын үнемі өзгертусіз оны жүзеге асыру мүмкін емес. Сондыктан да экономикадағы құрылымдық өзгерістер ғылым мен техниканың жетістіктерін материалданырудың факторы бола отырып, өндіріс пен тұтынудың арасындағы пропорция жүйесін анықтайды және қамтамасыз етеді. FTП-тің экономиканың салалық құрылымына әсері өндірістік ресурстарды, сонымен бірге еңбек шығындарын әр түрлі қызмет салалары мен сфералары арасында қайта бөлу түрінде жүреді.

Экономикадағы құрылымдық өзгерістердің келесі бір себебі ретінде еңбек бөлінісі мен оның мамандануын атап өттеге болады. Еңбек бөлінісі экономика құрылымының тек технологиялық емес, сондай-ақ экономикалық базасында сипаттайты.

Құрылымдық өзгерістердің бір көрінісі өндіріс факторларын (соның ішінде, ең алдымен капитал мен жұмыс күші) экономиканың әр түрлі салалары мен сфералары арасында бөлу болып табылады. Бөлудің бұл түрі қоғамдық еңбек бөлінісінің ажырамас қырларының бірін құрай отырып, экономикадағы құрылымдық өзгерістердің жалпы материалдық алғышарттарын қалыптастырады.

Қоғамдық еңбек бөлінісінің көрінүү формаларының бірі ретінде экономикадағы құрылымдық өзгерістер өндірігіш күштермен және өндірістік қатынастар жүйесімен өзара тығыз байланысты, яғни өндірігіш күштер құрылымдық өзгерістердің материалдық базасын құраса, өндірістік қатынастар олардың әлеуметтік формасын анықтайды.

Құрылымдық өзгерістердің келесі бір себебі ретінде меншік қатынастарының, соның ішінде, ең алдымен өндіріс құралдарына меншікті атауға толық негіз бар. Мұнда құрылымдық өзгерістер түсінігі мен өндіріс құралдарына меншік қатынастарының өзгерісі бір-бірімен тығыз байланысты екендігі күмән тудырmasa керек. Меншік өндіріс құралдарын иелену мен жатсындыру (отчуждения) қатынастары ретінде өндірістік қатынастар тұрғысынан экономиканың нақты құрылымын көрсетеді, яғни жұмысшыларды өндіріс құралдарымен байланыстыра отырып, сәйкесінше қоғамдық өнімді өндіру, бөлу, айырбас және тұтыну құрылымын анықтайды.

Экономикадағы құрылымдық өзгерістердің бір ерекшелігі, олар тек үдерісті ғана емес, экономикалық дамудың нәтижесін де көрсетеді. Оның әрбір уақыт аралығында шаруашылық дамудың әлеуметтік-экономикалық мәнін білдіретін нәтижені көрсететін меншік категориясымен ұқсастығы да осында. Сондықтан меншік құрылымындағы өзгерістер экономикадағы құрылымдық өзгерістердің әртүрлілігі (разновидность) болып табылады. Қорыта айтқанда, қоғамның экономикалық құрылымының дамуы – бұл бір меншік формасынан басқасына өту қозғалысы болып табылады.

Экономикадағы құрылымдық өзгерістердің маңызды себептерінің бірі экономикадағы әр түрлі циклдық үдерістер. Осы орайда, Г.Менш, «базистік инновациялардың келуі мен кетуі, ағындардың динамикасы экономика құрылымындағы өзгерістерді анықтайды», – деп түйіндейді [6]. Экономикалық әдебиеттерде экономикадағы циклдық ауытқуларды туындау себептері, ұзақтығы және әлеуметтік-экономикалық салдары бойынша ажыратады. Әрбір экономикалық цикл құрылымдық өзгерістердің табиғаты мен қарқынына елеулі әсер етеді. Ресейлік экономистер С.М. Меньшиков пен Л.А. Клименко экономикалық циклдарды құрылымдық дағдарыспен және құрылымдық өзгерістермен байланыстырады. Атап айтқанда, олар «ұзын толқынның» жоғары және төмөнгі нүктелерін экономикалық құрылымдағы өзгерістер арқылы анықтайды [7].

Байланыс құралдары мен сыртқы сауданың дамуымен, экономиканың ашықтық дәрежесінің артуымен байланысты ел ішіндеғі экономикалық үдерістерге әлемдік экономикадағы құрылымдық өзгерістер де елеулі ықпал етуде. Бұл ықпалды экспорт пен импорт құрылымындағы, төлем балансы мен сыртқы сауда балансының құрылымындағы өзгерістерден

байқауға болады. Ұлттық экономиканың құрылымы осы елдің ХЕБ-гі орнын да анықтайтын көрсеткіш болып табылады. Басқаша айтқанда, әлемдік экономиканың даму барысы, ХЕБ-тің терендеуі мен оның құрылымындағы өзгерістер халықаралық экономикалық қатынастарға қатысушы ұлттық экономикалардың құрылымына өзгеріс енгізбей қоймайды. Тиісінше, белгілі бір уақытта қандай да бір өнімді өндіру мен экспорттау бойынша едәүір позицияға ие

мемлекет уақыт өте келе, керісінше осы өнімді импорттаушы болып, басқа өнімдердің өндірісі бойынша көш бастауы мүмкін. Демек, ХЕБ жүйесіндегі елдің мамандануы да өзгеріске ұшырайды. Әдетте, бұл өзгерістерді елдің ЖІӨ-гі және экспорт пен импорт құрылымынан көрге болады. Қазақстанның ХЕБ-гі орнын талдау үшін төмендегі кестеден Қазақстанның 2015 жылғы экспорты мен импортының тауарлық құрылымын қарастырайық.

I-кесте – Қазақстан экспорты мен импортының тауарлық құрылымы, 2015 ж. [8]

№	Тауар топтары	Экспорт, %	Импорт, %
1	Минералдық өнімдер	71,6	7,6
2	Металл және металл өнімдері	13,1	13,2
3	Химия және онымен байланысты сала өнімдері (каучук пен пластмассаны қоса алғанда)	7,1	14,9
4	Жануар және өсімдік өнімдері, дайын азық-түлік тауарлары	4,5	11,1
5	Машиналар, құрал-жабдықтар, транспорт құралдары, приборлар мен аппараттар	1,3	40,6
6	Басқалары	2,4	12,6

Ескерту. Кесте [8] әдебиет көзінің негізінде авторлармен қарастырылған.

Кестеден байқағанымыздай, Қазақстан экспортының 2/3 бөлігін шикізат өнімдері құраса, керісінше импорттың сәйкес көлемін өндеуші өнеркәсіптің дайын өнімдері құрап отыр. Бұл жағдай минералды шикізат өнімдеріне әлемдік бағаның төмендеуі жағдайында ел экономикасына түсетең түсімдерді азайтып, төлем балансының дефицитін тудырып, ұлттық экономиканың әлемдік нарықтардағы конъюнктураға тәуелділігін қүшейтүде. Сол себепті экономикадағы құрылымдық өзгерістерді жедел іске асырып, шикізаттық секторға тәуелділіктен арылу мемлекеттің экономикалық саясатының жақын болашақтағы басым бағыттарының бірі болуы қажет. Экономикадағы құрылымдық өзгерістердің жоғарыда аталған себептерімен салыстырғанда бұл қандай да бір елдің экономикасына әсер ететін сыртқы себеп болып есептеледі. Ол ұлттық экономиканың құрылымына айтарлықтай пайда әкелуі де мүмкін, елеулі зиян келтіруі де мүмкін. Әсіресе, оның ықпалы интернационализация мен шаруашылық қызметтің жаһандануы жағдайында, байқап отырғанымыздай әлемдік экономикалық дағдарыс кезінде елеулі түрде артып отыр.

Осылайша, адамзат дамуының әр түрлі кезеңдері осы және өзге де себептерге байланысты құрылымдық өзгерістерге кездесіп отырады. Осы орайда, адам тіршілігінің барлық сферасы мен өмірлік мүдделерін қамтитын экономикадағы құрылымдық өзгерістерді терең гылыми зерттеу бүтінде перманентті сипатқа ие болып үлгерген қазіргі жаһандық экономикалық дағдарыс кезінде айрықша өзекті болуда.

Литература

- 1 «Новое десятилетие – Новый экономический подъем – Новые возможности Казахстана» Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана. 29 января 2010 г. http://www.akorda.kz/ru/events/page_president-respublik-i-kazakhstan-nursultan-nazarbaev-vystupil-na-sovmestnom-zased_1348723122
- 2 Структура ВВП / www.stat.gov.kz/getImg?id=ESTAT104930
- 3 Беркович Л.А. Взаимосвязь процессов интенсификации и структурных сдвигов в экономике. – Новосибирск: «Век», 1989. – С.12-13.

- 4 Rostow W.W. The Process of Economic Growth. 2 ed. Oxford. 1930. p.319
- 5 Мюрдал Г. Современные проблемы «третьего мира» (Asian Drama). М.: «Прогресс», 1972. С. 251
- 6 Mensh G. Stalemate in Technology. Cambridge. «Mass», 1979. P.135
- 7 Меньшиков С.М., Клименко Л.А. Длинные волны в экономике. Когда общество меняет кожу. М.: «Международные отношения», 1989. С. 96-97
- 8 Товарная структура экспорта и импорта / www.stat.gov.kz/getImg?id=ESTAT105726

References

- 1 «Novoe desyatiletie – Novyi ekonomicheskii pod’em – Novye vozmozhnosti Kazakhstana» Poslanie Prezidenta Respublikи Kazakhstan N.Nazarbayeva narodu Kazakhstana. 29 yanvaria 2010 g. http://www.akorda.kz/ru/events/page_president-respubliki-kazakhstan-nursultan-nazarbaev-vystupil-na-sovmestnom-zased_1348723122
- 2 Struktura VVP / www.stat.gov.kz/getImg?id=ESTAT104930
- 3 Berkovich L.A. Vzaimosvyaz' processov intensifikacii I strukturnyh sdvigov v ekonomike. – Novosibirsk, «Vek», 1989. S.12-13.
- 4 Rostow W.W. The Process of Economic Growth. 2 ed. Oxford. 1930. p.319
- 5 Murdal' G. Sovremennye problemy «tretiego mira» (Asian Drama). М.: «Progress», 1972. S. 251
- 6 Mensh G. Stalemate in Technology. Cambridge. «Mass», 1979. P.135
- 7 Menshikov S.M., Klimenko L.A. Dlinnye volny v ekonomike. Kogda obshestvo meniaet kozhu. М.: «Mezhdunarodnye otnoshenia», 1989. S.96-97
- 8 Tovarnaya struktura eksporta i importa / www.stat.gov.kz/getImg?id=ESTAT105726